

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2026)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/ISSN2710-3528>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Ергалиева С. Ж., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Искакова З. С., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/524-539>

***Б. Мәди**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-1906-8167>

*e-mail: bayan.Madi@outlook.com

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЭМОЦИЯЛЫҚ ЕТІСТІКТЕРДІҢ ФРЕЙМДІК-СЕМАНТИКАЛЫҚ МОДЕЛІ

Соңғы жылдары семантика саласының қарқынды дамуы етістік мағынасын зерттеуді дәстүрлі формалды бағыттан когнитивтік және психолингвистикалық тұрғыдан түсіндіруге алып келді. Қазақ тіл білімінде етістіктерге қатысты жүргізілген көптеген зерттеулерде семантикалық-мағыналық топтар анықталғанымен, олардың басым бөлігі статикалық сипаттағы сөздік материалдарға сүйенген сипаттамалық талдаулармен шектеліп келеді. Мұндай тәсілдер етістік мағынасының тілдік тәжірибе, эмоциялық қабылдау, денелік сезіну және мәдени контекст арқылы қалыптасу үдерістерін толық ашып көрсете бермейді.

Қазақ тіліндегі эмоциялық етістіктер зерттеу нысаны ретінде алынып, олардың семантикалық жүйесі фрейм семантикасы мен психолингвистиканың теориялық ұстанымдары негізінде кешенді түрде талданады. Зерттеу барысында «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» дереккөзіне сүйене отырып, эмоциялық мағына білдіретін етістіктер іріктеліп, олардың семантикалық құрылымы домен, жалпы фрейм, негізгі фрейм және микрофрейм деңгейлері бойынша жүйеленді. Әрбір етістіктің мағынасы эмоцияның пайда болуы, қабылдануы және тілдік түрде концептуалдану сатыларымен байланыста қарастырылды.

Зерттеу нәтижелері қазақ тіліндегі эмоциялық етістіктердің динамикалық сипатын айқындауға, олардың когнитивтік және психологиялық негіздерін терең түсіндіруге мүмкіндік береді. Алынған тұжырымдар қазақ тілін оқыту әдістемесінде, түсіндірме және салалық сөздіктер құрастыруда, корпус лингвистикасы мен табиғи тілді өңдеу салаларында ғылыми-теориялық және қолданбалы негіздерді жетілдіруге мүмкіндік береді.

Кілтті сөздер: Эмоциялық етістіктер, фреймдік семантика, денелік философия, валенттілік құрылым, синтаксистік-семантикалық ерекшелік.

Кіріспе

Соңғы жылдары лексикалық семантика лингвистикалық зерттеулердің маңызды бағыттарының бірі болғандықтан, етістік жүйесін зерделеу синтаксис пен семантиканың өзара байланысын айқындауда жетекші бағыттардың біріне айналды. Қазақ тіл білімінде Н. Т. Сауранбаев, Ы. Е. Маманов, А. С. Аманжолов, М. Оразов сынды ғалымдар етістіктерді дәстүрлі тіл біліміне сай семантикалық топқа бөліп, олардың жүйелік сипатын қарастырды [1]; [2]; [3]; [4]. Алайда бұл зерттеулердің басым бөлігі формальды лингвистика аясында жүргізілгендіктен, етістік мағынасының нақты қолданыс үстінде қалай қалыптасатынына, оның когнитивтік және әлеуметтік-мәдени уәждеріне толық назар аударыла қойған жоқ.

Қазіргі когнитивтік бағыттың күшеюі тілдік мағынаны адамның тәжірибесі мен мәдени ортаның өзара ықпалы нәтижесі ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Қазақ тіліндегі семантикалық зерттеулерде бұл бетбұрыс М. Оразовтың «Қазақ тілінің семантикасы» атты еңбегінде етістік мағынасын қолданыспен байланыстыра талдауы арқылы айқын көрінеді [4, 189-б.]. Дегенмен етістік семантикасын түсіндіруде, әсіресе мағынаның сөйлеу әрекеті барысында қалыптасу тетіктерін ашуда әлі де жүйелеуді қажет ететін мәселелер бар. Біздің ойымызша, бұл мәселе тілді тұтынушының объективті дүниені тілдік құралдар арқылы қалай кодтайтынын анықтаумен тікелей байланысты.

Осыған байланысты, біздің зерттеуімізде қазақ тіліндегі эмоциялық етістіктер негізгі нысан ретінде қарастырылады. Зерттеудің теориялық негізін фреймдік семантика мен адамның когнитивтік тәжірибесіне сүйенетін денелік философия (embodied philosophy) ұстанымдары құрайды. Зерттеудің басты мақсаты – эмоциялық етістіктерді фреймдік-семантикалық тұрғыдан топтастырып, олардың синтаксис пен семантика арасындағы байланысын көрсету [5, 624-б.]. Нәтижесінде қазақ тіліндегі эмоциялық етістіктердің фреймдік моделі ұсынылады, бұл етістік семантикасын тереңірек түсіндіруге және сөздік жасау, корпус лингвистикасы мен табиғи тілді өңдеу сияқты зерттеу салаларында пайдалануға негіз бола алады.

Материалдар мен әдістері

Зерттеу жұмысының нысаны – қазақ тіліндегі эмоционалды етістіктер. Зерттеу барысында нысанды кешенді түрде талдау мақсатында өзара байланысты бірнеше әдістер қолданылды. Алдымен сөздіктер негізінде эмоцияны білдіретін етістіктер іріктеліп, жүйеленді. Эмоционалды

етістіктердің сөйлемдегі қызметін айқындау үшін сөйлем құрамдас бөліктерін сараптау және валенттілік құрылымды талдау әдістері пайдаланылды.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі ретінде «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» негізгі дереккөз болып алынып, эмоционалды етістіктерді бастапқы деңгейде анықтауға мүмкіндік берді [6]. Эмоция ұғымын түсіндіруде М. Оразовтың «Қазақ тілінің семантикасы» еңбегіндегі теориялық тұжырымдар басшылыққа алынды [4, 190-б.]. Сонымен қатар, эмоцияның тілдегі көрінісін түсіндіруде Дж. Лакофф пен М. Джонсон ұсынған денелік философия (embodied philosophy) қағидалары қолданылды [5, 624-б.].

Зерттеудің соңғы кезеңінде Дж. Филлмордың фреймдік семантика теориясына сүйене отырып, эмоционалды етістіктерге фреймдік-семантикалық талдау жүргізілді [7, 137-б.]. Нәтижесінде эмоционалды етістіктердің концептуалдық, семантикалық және синтаксистік сипаттарын қамтитын фреймдік модельдер ұсынылды.

Нәтижелер және талқылау

Эмоция адам тәжірибесінің ажырамас бөлігі әрі тілдің сөздік жүйесіндегі маңызды семантикалық сала болып табылады. М. Оразовтың анықтамасына сәйкес, эмоционалды етістіктер адамның көңіл күйі мен психологиялық қалпына қатысты әрекеттерді білдіреді [4, 192-б.]. Қазақ тіл білімінде Н. Т. Сауранбаев, Ы. Е. Маманов, А. С. Аманжолов, М. Оразов, Н. Оралбай, А. Османова сияқты ғалымдардың еңбектерінде эмоционалды етістіктер арнайы нысан ретінде қарастырылмағанымен, олардың етістік жүйесіндегі орны мен семантикалық ерекшеліктері сөз болады [1]; [2]; [3]; [4]; [8]; [9]. Алайда қазақ тіліндегі эмоционалды етістіктерді қандай негіздер бойынша жүйелеуге болатыны және олардың синтаксистік құрылымы мен семантикалық мағынасының өзара байланысы әлі де толық айқындалмаған.

Осыған байланысты зерттеуде эмоционалды етістіктерді айқындаудың негізгі семантикалық белгілері ретінде [+көңіл күй] және [+психологиялық әрекет] алынды. «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» (1–15 том) негізінде жүргізілген алдын ала талдау нәтижесінде, эмоционалды етістіктердің бір бөлігі ішкі когнитивтік-психологиялық деңгейде жүзеге асатыны және кей жағдайда сөйлеу актісінде сыртқы әрекет ретінде көрінбеуі мүмкін екені анықталды. Аталған параметрлерге сүйене отырып, қазақ тілінен 342 эмоционалды етістік іріктеліп, оларды жүйелі түрде топтастыруға негіз қаланды.

Зерттеудің келесі кезеңінде эмоционалды етістіктер мағыналық ерекшеліктеріне қарай фреймдік жүйелерге бөлініп қарастырылады. Фрейм семантикасы мағына, құрылым және контекст арасындағы байланысты кешенді түрде сипаттауға мүмкіндік беретін әдіснама ретінде алынып, эмоционалды етістіктердің домендік, жалпы, негізгі және микрофреймдік деңгейлері

айқындалады. Бұл тәсіл эмоционалды етістіктердің семантикалық қана емес, синтаксистік қызметін де жүйелі түрде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Бірінші деңгей: Домен. Бірінші деңгейдегі домен фрейм оқиғаға қатысты мағыналық өрістің ең кең шегін белгілеп, семантикалық жүйедегі ең жоғарғы концептуалдық аймақ ретінде қарастырылады. Бұл деңгей төменгі фреймдерге тірек болатын ортақ мағыналық үлгіні қалыптастырып, прототиптік қатысушылар мен олардың әдепкі қатынастарын біріктіретін концептуалдық модельді білдіреді [5].

Дәстүрлі лингвистикада тіл көбіне жабық таңбалар жүйесі ретінде сипатталып, эмоция мен психикалық әрекеттер тілден тыс абстрактілі мағына ретінде түсіндірілді [10, 105-6.]. Мұндай көзқарас эмоциялық құбылыстардың тәжірибелік-денелік негізін және олардың тілде қалай кодталатынын толық ашып көрсете алмайды. Соның нәтижесінде зерттеу нысаны негізінен грамматикалық құрылымдармен шектеліп, эмоцияның физиологиялық алғышарттары мен когнитивтік тетіктері назардан тыс қалды.

Осыған байланысты зерттеуде эмоция мен психикалық үдерістер когнитивтік және психолингвистикалық тұрғыдан қайта қарастырылады. Денелік философия эмоцияның физиологиялық негізін, ал когнитивтік лингвистика оның тілде концептуалданып, құрылымдану жолдарын түсіндіреді. Денелік тәжірибеге сүйенген бұл көзқарас бойынша эмоция абстрактілі ішкі күй емес, дене, жүйке жүйесі және когнитивтік механизмдердің бірлігінен туындайтын тұтас тәжірибе болып табылады. Эмоциялық үдерістің жүруі шартты түрде мынадай тізбек арқылы сипатталады: сыртқы түрткі → қабылдау → физиологиялық реакция → когнитивтік бағалау → эмоциялық тәжірибе → тілдік кодтау.

Жоғарыдағы тұжырымдарға сүйене отырып, қазақ тіліндегі эмоционалды етістіктердің ең жоғарғы семантикалық деңгейі эмоциялық домен фрейм ретінде айқындалады. Бұл фрейм прототиптік қатысушылар мен олардың әдепкі қатынастарына негізделіп, төменгі деңгейдегі барлық фреймдер үшін ортақ құрылым қызметін атқарады. Эмоционалды етістіктерде эмоциялық күй сыртқы себепші түрткіден де, субъектінің ішкі психологиялық жағдайынан да туындап, белгілі бір нысанға бағытталу, әрекет немесе реакция арқылы тілде көрініс табады.

Екінші деңгей: жалпы фрейм. Эмоцияның пайда болу жолына сәйкес, сыртқы түрткінің әсерінде, жүйке жүйесінің реакциясын тудырады. Осы үдерістен екі түрлі жағдай туындайды: эмоцияны сезген субъектінің тұрғысынан және эмоцияны тудыратын себепші түрткінің тұрғысынан. Тұрғының өзгеруі сөйлемдегі бастауыштың таңдалуына да, эмоционалды етістіктердің оқиғадағы рөлін айқындауға да әсер етеді. Бұл мәселені мысал арқылы төменде талдап көрсетеміз:

(1) Ренжідім.

[Ренжі - Vэмоция]-ді-м-ө

[Мен -ө эмоцияны сезген субъект (жасырын түрде)]	Vэмоция
бастауыш	баяндауыш
(NP- атау септік)	Vэмоция

(2) Мен саған ренжідім.

[Мен-ө эмоцияны сезген субъект] [са-ған эмоция бағытталған нысан]	
бастауыш	толықтауыш
NP-атау септік	NP-барыс септік
[ренжі- Vэмоция -ді-м-ө.]	
баяндауыш	
Vэмоция	

(3) Мен сені ерекше сүйемін.

[Мен- ө эмоцияны сезген субъект]	[сен-і эмоция бағытталған нысан]	[ерекше дәрежелік үстеу]
бастауыш		толықтауыш
NP- атау септік	NP-табыс септік	AdvP
[сүй-е - Vэмоция] мін-ө.		
баяндауыш		
Vэмоция		

(1)–(3) мысалдарды талдау нәтижесінде ренжі-, сүй- сияқты эмоционалды етістіктер сөйлемде баяндауыш қызметін атқарып, бастауыштың эмоцияны сезген субъектіден тұратыны байқалады. Бастауыш жасырын болған жағдайда да қазақ тіліндегі бастауыш пен баяндауыштың сәйкестігі арқылы оның кім екені анықталады. Жалпы алғанда, эмоцияны сезген субъектінің тұрғысынан берілгенде, сөйлемнің назарында эмоцияның қалай пайда болғаны емес оның бастан кешіру процесі тұрады, ал эмоцияның нәтижесі кейінгі орында қалады. Мұндай құрылым екі түрде көрінеді: (1) эмоцияны сезген субъект бастауыш болу + Vэмоция формасы; (2) эмоцияны сезген субъект Бастауыш болу + эмоция бағытталған нысан толықтауыш болу + Vэмоция формасы.

(4) Бұл хабар мені шошытты.

[Бұл хабар-ө себепші түртікі]	[мен-і эмоцияны сезген субъект]	[шошы Vэмоция - т-]т-ы.
бастауыш	толықтауыш	баяндауыш
NP- атау септік	NP-табыс септік	Vэмоция

(5) Бұл хабар әкесін ерекше шошытты.

[Бұл хабар- ө себепші түрткі]	[әке-сі-н эмоцияны сезген субъект]	[ерекше]
бастауыш	толықтауыш	пысықтауыш
NP-атау септік	NP-табыс септік	AdvP
[шошы-т- Vэмоция]т-ты.		
баяндауыш		
Vэмоция		
(6) Мұғалімның сөзі оқушыларды тебірендірді.		
[Мұғалім-ның сөз-і-ө себепші түрткі]	[оқушылар-ды эмоцияны сезген субъект]	[тебірен- Vэмоция]-дір-ді-ө.
бастауыш	толықтауыш	баяндауыш
NP-атау септік	NP-табыс септік	Vэмоция

(4) – (6) мысалдарды талдау нәтижесінде (1) – (3) мысалдардан өзгеше бір құрылым байқалады: шошы-, тебірену- сияқты эмоционалды етістіктер қолданылған сөйлемдерде оқиға эмоцияны сезген субъектінің емес, эмоцияны тудыратын себепші түрткінің тұрғысынан баяндалады. Сондықтан мұндай сөйлемдерде бастауыш қызметін себепші түрткі атқарады, ал эмоцияны сезген субъект толықтауыш болады. Оқиғаның назарында себепші түрткі тұрғандықтан, бұл компонент сөйлемде түсірілмейді. Берілген үш мысал эмоционалды етістіктердің қолданыстағы үлгісінің тағы бір түрін көрсетеді. Жалпы алғанда, себепші түрткі тұрғысында эмоция оқиғасының жиі кездесетін түрі мынандай: себепші түрткі бастауыш ретінде, эмоцияны сезген субъект толықтауыш ретінде келіп, етістік дәрежелік үстеулер арқылы күшейтіліп беріледі. Яғни себепші түрткі бастауыш болу + эмоцияны сезген субъект толықтауыш болу + Vэмоция формасы.

Осы талдаулар қазақ тіліндегі эмоция оқиғаларын екі негізгі көзқарасқа бөлуге мүмкіндік береді: эмоцияны сезген субъектінің көзқарасы және себепші түрткінің көзқарасы.

Сонымен қазақ тілін эмоционалды етістіктің жалпы фреймі төмендегідей болады: эмоцияны сезген субъектінің көзқарас тұрғысында: (1) эмоцияны сезген субъект бастауыш болу + Vэмоция формасы; (2) эмоцияны сезген субъект бастауыш болу + эмоция бағытталған нысан толықтауыш болу + Vэмоция формасы. Себепші түрткі көзқарас тұрғысында: (1) себепші түрткі бастауыш болу + эмоцияны сезген субъект толықтауыш болу + Vэмоция формасы.

Үшінші деңгей: негізгі фрейм. Негізгі фреймді талдау барысында оның ішіндегі әрбір жағдайды жеке қарастырып, бір фрейм шегіндегі түрлі синтаксистік-семантикалық құрылымдардың ортақ және айрықша қырларын айқындау қажет. Біз талдауды алдымен жалпы фреймдегі эмоция сезген субъектінің көзқарас тұрғысынан бастаймыз.

(7a) Апасы ренжіді.

[Апа-сы- ө эмоцияны сезген субъект]

бастауыш

NP- атау септік

[ренжі- Vэмоция]-ді- ө.

баяндауыш

Vэмоция

(7b) Апасы мағжанға қатты ренжіді.

[Апа-сы-ө эмоцияны

сезген субъект]

бастауыш

NP- атау септік

[ренжі- Vэмоция]-ді- ө.

баяндауыш

Vэмоция

[Мағжан-ға эмоция

бағытталған нысан]

толықтауыш

NP-барыс септік

[қатты]

AdvP

(7с) Апасы Мағжанды ерекше сағынды.

[Апа-сы-ө эмоцияны

сезген субъект]

бастауыш

NP-атау септік

[сағын- Vэмоция]-ды- ө.

баяндауыш

Vэмоция

[Мағжан-ды эмоция

бағытталған нысан]

толықтауыш

NP-табыс септік

[ерекше]

AdvP

(7a–с) мысалдарды талдау эмоцияны сезген субъектінің көзқарасы тұрғысынан эмоциялық оқиғаларды білдіруде эмоционалды етістіктердің екі негізгі қызметін айқындайды: субъект бойында туындаған эмоцияны тікелей білдіру; эмоцияның бағытталған нысанын немесе реакция объектісін көрсету.

Объект нысаны көрсетілмеген жағдайда салт эмоционалды етістіктер бір валентті құрылымда жұмсалып, эмоцияны тек субъектінің ішкі күйі ретінде білдіреді. Мұндай жағдайда эмоционалды етістіктің міндетті валентті құрылымы төмендегідей сипатталады: [+Эмоцияны сезген субъект валент – атау септік] – Vэмоция. Егер салт эмоционалды етістік эмоцияның бағытталған нысанын немесе себебін көрсету қажеттілігіне ие болса, ол барыс септігіндегі есіммен тіркесіп, екі валентті салт эмоционалды етістік ретінде жұмсалады: [+Эмоцияны сезген субъект валент – атау септік] [+Нысан валент – барыс септік] – Vэмоция.

Сабақты эмоционалды етістіктер эмоцияның бағытталған нысанын міндетті түрде талап етеді және субъект бастауыш қызметін атқарған жағдайда әрдайым екі валентті құрылымда қолданылады. Бұл типтегі құрылымдарда эмоцияның реакция нысаны табыс септігі арқылы беріледі: [+Эмоцияны сезген субъект валент – атау септік] [+Нысан валент – табыс септік] – Vэмоция.

Осылайша, эмоцияны сезген субъект бастауыш болған құрылымдарда салт эмоционалды етістіктер контекстке қарай бір немесе екі валентті болып жұмсалса, сабақты эмоционалды етістіктер тұрақты түрде екі валентті құрылыммен сипатталады.

Енді біз себепші түрткі тұрғысындағы сөйлемдерге назар аударайық.

(8a) Кино адамдарды зеріктірді.

[Кино-ө себепші түрткі]

[адам-дар эмоцияны
сезген субъект-ды]

бастауыш

NP- атау септік

[зерік-Vэмоция]

баяндауыш

V эмоция- өзгелік етіс

толықтауыш

NP-табыс септік

[-тір өзгелік етіс]-ді-ө.

(8b) Сұрақтар студенттерді қобалжытты.

[Сұрақ-тар-ө себепші түрткі]

бастауыш

NP-атау септік

[қобалжы- Vэмоция]

[студент-тер сезген
субъект -ді]

толықтауыш

NP-табыс септік

[т- өзгелік етіс]-ты-ө.

баяндауыш

V эмоция- өзгелік етіс

(8c) Мағжан апасын ренжі-т-ті.

[Мағжан-ө себепші түрткі]

бастауыш

NP-атау септік

[ренжі-Vэмоция]

баяндауыш

V эмоция- өзгелік етіс

[апасы эмоцияны сезген
субъект-н]

толықтауыш

NP-табыс септік

[-т- өзгелік етіс]-ті- ө.

(9a) Мен оған ұнадым.

[Мен- ө себепші түрткі]

[о-ған эмоцияны сезген
субъект]

[ұна- Vэмоция]ды-м.

бастауыш

NP-атау септік

толықтауыш

NP-барыс септік

баяндауыш

Vэмоция- өздік етіс

(9b) Бұл ой маған жақты.

[Бұл ой-ө себепші түрткі]

[ма-ған эмоцияны сезген
субъект]

[жақ- Vэмоция]т-ы.

бастауыш

NP-атау септік

толықтауыш

NP-барыс септік

баяндауыш

Vэмоция- өздік етіс

(8a–c) мысалдары себепші түрткі тұрғысынан берілген эмоциялық оқиғалардың құрылымын айқын көрсетеді. Бұл құрылымдарда себепші түрткі бастауыш қызметін атқарып, эмоцияны сезген субъект табыс септігіндегі толықтауыш позициясында беріледі. Сөйлемдегі эмоционалды етістіктердің барлығы өзгелік етіс жұрнақтары арқылы сабақты мағынада жұмсалып, бастапқыда салт болып келетін эмоционалды етістіктердің де сабақты етістікке ауысуына негіз болады. Осыған сәйкес, себепші түрткі бастауыш болған құрылымдарда эмоционалды етістік әдетте екі валентті сабақты етістік ретінде қолданылады. Оның валенттік үлгісі төмендегідей: [+Себепші түрткі валент – атау септік] [+Эмоцияны сезген субъект валент – табыс септік] – Vэмоция (өзгелік етіс).

(9a–b) мысалдарында да себепші түрткі бастауыш қызметін атқарады, алайда олардың құрылымы өзгешелеу: эмоцияны сезген субъект барыс септігінде беріледі де, етістік өзгелік емес, өздік етіс формасында жұмсалады. Бұл жағдайда валенттік үлгі мынадай түрде көрінеді: [+Себепші түрткі валент – атау септік] [+Эмоцияны сезген субъект валент – барыс септік] – Vэмоция (өздік етіс). Алайда мұндай құрылым қазақ тілінің барлық деңгейінде бірдей өнімді емес және кейбірінде сирек кездеседі. Бұл үлгінің қалыптасуына орыс тілінің ықпалы әсер етуі мүмкін, ал Қытайдағы қазақтардың тілдік қолданысында мұндай форма мардымсыз.

Жалпы алғанда, қазақ тіліндегі эмоционалды етістіктердің валенттілігі тұрақты сипатқа ие емес, ол сөйлемде жүзеге асатын танымдық көзқарасқа тәуелді түрде айқындалады. Эмоцияны сезген субъект бастауыш болған жағдайда эмоционалды етістіктер бір немесе екі валентті құрылымда жұмсалып, субъектінің ішкі эмоциялық күйін білдіруге бағытталады. Ал бастауыш позициясы себепші түрткіге ауысқанда, етістіктің сабақтылығы *-т/-тыр/-дір* сияқты өзгелік етіс жұрнақтары арқылы жасалып, эмоцияны сезген субъект толықтауыш қызметіне ығысады. Мұндай динамикалық валенттік ауысулар қазақ тіліндегі конструкция туындату тетігінің айқын көрінісі болып табылады және қазақ тілінің эмоцияны сезген субъект айқындаушы тілдер қатарына жататынын дәлелдейді.

Төртінші деңгей микрофрейм. Микрофрейм негізгі фрейм шегінде синтаксистік құрылымы жалпы ұқсас, бірақ семантикалық ерекшелік жағынан жүйелі түрде айырмашылыққа ие болатын етістіктердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Іріктелген эмоционалды етістіктердің саны – 342 болды. Талдау барысында біз алдымен «Қазақ тілінің синонимдер сөздігі» еңбегінде берілген етістік синонимдік топтарын басшылыққа ала отырып, мағыналық ұқсастықтарына қарай алдын ала топтастырып, төрт мағыналық топқа бөлдік: Көңіл-күйді білдіретін етістіктер, саны – 132 [11]. Бұл топ өз ішінде жағымды, бейтарап және жағымсыз мағыналық үш шағын

топқа жіктеледі (*қуан, мақтан, тебірен, елжіре, таңғал, жабырқа, ренжі, шошы т.б.*) қатынас-эмоция етістіктері, саны – 167. Бұл топ өз ішінде 20 синонимдік шағын топқа бөлінеді. Бұлар *сүйіспеншілік, ризашылық, ниет, өшпенділік, жағымсыздық, күйіну, менсінбеу, қадірлеу, аяу, құрметтеу, сағыну, уайымдау, мән беру, қорқу, мойындау, кешірімшілдік, қызғаныш, қысылу, сенім және жатсыну* сияқты эмоциялық реңктерді қамтиды. Түйсік (перцепция) етістіктері, саны – 35, олар *алжы, алжас, көсемсі, аңғар т.б.* етістіктерді қамтиды. Таным (когниция) етістіктерінің саны – 8, мысалы: *түсін, илан, сен, күдік т.б.*

Негізгі фрейм көрсеткендей, эмоция қимылы толықтай субъектінің ішкі күйінен туындаған жағдайда эмоционалды етістіктер бір валентті салт өздік етіс ретінде қолданылады. Бұл құрылымға тән семантикалық белгілер: [+ішкі сезім] [+субъект бақылауы] [+салт] [+өздік етіс]. Ал эмоция субъектінің ішкі күйімен қатар сыртқы түрткі арқылы күшейген жағдайда, етістік барыс септігіндегі объектімен тіркесіп, екі валентті салт өздік етіс құрылымында жұмсалады. Оның семантикалық сипаттары: [+ішкі сезім] [+субъект бақылауы] [+салт] [+өздік етіс]. Іріктеу нәтижесі бұл деңгейдегі микрофреймнің негізінен көңіл-күйді білдіретін эмоционалды етістіктерден құралатынын көрсетті. Олар мағыналық тұрғыдан жағымды, бейтарап және жағымсыз топтарға жіктеледі.

Эмоцияны сезген субъект тұрғысындағы үшінші құрылымда эмоция айқын бағыттылыққа ие болып, субъектінің сыртқы факторларға реакциясы ретінде көрінеді. Мұндай жағдайда эмоционалды етістік табыс септігіндегі объектімен екі валентті сабақты өздік етіс түрінде қолданылады. Бұл құрылымның семантикалық белгілері: [+ішкі сезім] [+субъект бақылауы] [+сабақты] [+өздік етіс]. Жүргізілген талдау көрсеткендей, бұл микрофреймге қатынас-эмоция, түйсік және таным етістіктері жатады және олардың негізі сабақты етістіктер болып табылады.

Себепші түрткі бастауыш болатын эмоциялық оқиғаларда микрофреймдер екі негізгі құрылым арқылы айқындалады. Бірінші құрылымда эмоция сыртқы түрткінің әсерінен туындап, бастауыш – себепші, ал эмоцияны сезген субъект табыс септігінде беріледі. Етістік өзгелік жұрнақ арқылы сабақты формада қолданылады. Оның семантикалық белгілері: [+сыртқы түрткі] [+сабақты] [+өзгелік етіс] [+эмоция туындату]. Екінші құрылымда кейбір сабақты эмоционалды етістіктер (*ұнау-, жақ-*) барыс септігіндегі объектімен өздік етіс күйінде жұмсалып, эмоцияның бағытталуын білдіреді. Бұл құрылымның семантикалық сипаттары: [+сыртқы түрткі] [+сабақты] [+өздік етіс] [+эмоция бағыттау].

Сонымен, алдыңғы зерттеулер мен эмоцияның пайда болу жолдарын түсіндіретін денелік философия (*embodied*) қағидаларына сүйене отырып,

зерттеуде қазақ тіліндегі эмоция етістіктерінің домендік, жалпы, негізгі және микрофреймдік жүйесі жасалды. Ұсынылған фреймдік модель эмоцияның тілде қалай концептуалданып, құрылымдалатынын тіл тұтынушының танымдық көзқарасы тұрғысынан жүйелі түрде көрсетуге бағытталған.

Жалпы фрейм	Домен			
	Негізгі фрейм			микрофрейм
	Синтаксистік құрылымы	Валенттілік құрылымы	Семантикалық ерекшелігі	Семантикалық ерекшелігі
Эмоцияны сезген субъект тұрғысында	Эмоцияны сезген субъект бастауыш болу + $V_{эмоция}$	[+Эмоцияны сезген субъект валент–атау септік]– $V_{эмоция}$	Бір валентті эмоционалды салт етістік	[+ішкі сезім] [+субъект бақылауы] [+салт] [+өздік етіс]
	Эмоцияны сезген субъект бастауыш болу + эмоция бағытталған нысан толықтауыш болу + $V_{эмоция}$	[+Эмоцияны сезген субъект валент–атау септік][+Нысан валент–барыс септік] – $V_{эмоция}$	Екі валентті эмоционалды салт етістік	[±ішкі сезім] [+субъект бақылауы] [+салт] [+өздік етіс]
		[+Эмоцияны сезген субъект валент–атау септік][+Нысан валент–табыс септік] – $V_{эмоция}$	Екі валентті эмоционалды сабақты етістік	[±ішкі сезім] [+субъект бақылауы] [+сабақты] [+өздік етіс]
Себепші түрткі тұрғысында	Себепші түрткі бастауыш болу + эмоцияны сезген субъект толықтауыш болу + $V_{эмоция}$	[+Себепші түрткі валент–атау септік] [+Эмоцияны сезген субъект валент – табыс септік] – $V_{эмоция}$ – өзгелік етіс	Екі валентті эмоционалды сабақты етістік өзгелік етіс жұрнақ арқылы сабақтылықты тудырған	[+сыртқы түрткі] [+сабақты] [+өзгелік етіс] [+эмоция туындату]
		[+Себепші түрткі валент – атау септік] [+Эмоцияны сезген субъект валент – барыс септік] – $V_{эмоция}$ –өздік етіс	Екі валентті эмоционалды сабақты етістік	[+сыртқы түрткі] [+сабақты] [+өздік етіс] [+эмоция бағыттау]

1-сурет – Қазақ тіліндегі эмоционалды етістіктердің фреймдік семантикалық моделі

Қаржыландыру туралы ақпарат

Зерттеу Қытай мемлекеттік стипендиялар кеңесі (China Scholarship Council) тарапынан қолдау тапты.

Қорытынды

Бұл зерттеу фрейм семантикасы мен денелік философия ұстанымдары негізінде қазақ тіліндегі эмоционалды етістіктердің синтаксистік-семантикалық құрылымын жүйелеп, олардың валенттілік құрамының когнитивтік негізіне қарай өзгеретінін көрсетті. Эмоциялық оқиғалардың тілдік көрінісі эмоцияны сезген субъект пен сыртқы себепші түрткі арасындағы қатынасқа тәуелді динамикалық модель екені анықталды.

Зерттеудің теориялық құндылығы – эмоционалды етістіктерді *домен – жалпы фрейм – негізгі фрейм – микрофрейм* деңгейлері бойынша алғаш рет тұтастай жіктеп, олардың семантикалық жүйесін және синтаксистік сәйкестіктерін айқындауында. Бұл эмоциялық мағыналардың тілде денелік тәжірибе мен когнитивтік механизмдер арқылы құрылатынын дәлелдейді.

Зерттеудің тәжірибесі қазақ тілін оқыту, сөздік жасау, корпус лингвистикасы және табиғи тілді өңдеу салаларының дамуына мүмкіндік береді. Зерттеу негізінен жазба тіл материалына сүйенгендіктен, ауызекі сөйлеу мен жаңа медиа деректерін қамту, сондай-ақ эмоционалды етістіктердің теңеу үлгілерін және психоллингвистикалық қырларын кеңейте қарастыру болашақ зерттеулерімізге бағыт бола алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Сауранбай, Н. Т.** Қазақ тіліндегі сөз таптары және олардың таптастырылуы туралы [Текст]. – Алматы : Халық мұғалімі, 1939. – № 9.

2 **Маманов, Ы.** Қазақ тіл білімінің мәселелері [Текст]. – Алматы : Арыс, 2007. – 256 б.

3 **Аманжолов, С. А.** Қазақ тілінің грамматикасы. I б. : фонетика мен морфология [Текст]. – Алматы : Қазақ мемлекет баспасы, 1938.

4 **Оразов, М.** Қазақ тілінің семантикасы [Текст]. – Алматы : Рауан, 1991. – 189 – 264-б.

5 **Lakoff, G., Johnson, M.** Philosophy in the Flesh: The Embodied Mind and Its Challenge to Western Thought [Текст]. – New York : Basic Books, 1999. – 624 p.

6 Қазақ әдеби тілінің сөздігі : 15 томдық / бас ред. А. Ысқақов, Н. Уәли [Текст]. – Алматы : Арыс, 2011.

7 **Fillmore, C. J.** Frame semantics [Текст] // Linguistics in the Morning. – Seoul : Hanshin, 1982. – P. 137.

8 **Оралалиева, Е. Н.** Танымдық қазақ тілі : оқу құралы [Текст]. – Алматы : Мұрагер баспасы, 2005. – 198-б.

9 **Османова, А.** Синонимдес етістіктердің семантика-стилистикалық қызметі [Текст]. – Алматы : Ғылым, 1991. – 189–198-б.

10 **Соссюр, Ф. де.** Курс общей лингвистики [Текст]. – М. : Соцэкгиз, 1949.

11 **Болғанбаев, А.** Қазақ тілінің синонимдер сөздігі [Текст]. – Алматы : Мектеп, 1975. – 304-б.

12 **Zhang, D.** Functional-Typological Study of the Modality System in Altaic Languages [Текст]. – Beijing : Min University of China Press, 2013. – P. 342.

13 **Chang, L.** Alternation across semantic fields: A study on Mandarin verbs of emotion [Текст] // Computational Linguistics and Chinese Language Processing. – 2000. – Vol. 5(1). – P. 61–80.

REFERENCES

1 **Sauranbai, N. T.** Qazaq tilindegi soz taptary zhane olardyng toptastyrylyu turaly [On parts of speech in the Kazakh language and their classification] [Text]. In Halyq mughalimi. – Almaty, 1939. – No. 9.

2 **Mamanov, Y.** Qazaq til biliminin maseleleri [Issues of Kazakh linguistics] [Text]. – Almaty : Arys, 2007. – 256 p.

3 **Amanzholov, S. A.** Qazaq tilinin grammatikasy. I bolim : fonetika men morfologiya [Grammar of the Kazakh language. Vol. I: Phonetics and morphology] [Text]. – Almaty : Qazaq memleketik baspasy, 1938.

4 **Orazov, M.** Qazaq tilinin semantikasy [Semantics of the Kazakh language] [Text]. – Almaty : Rauan, 1991. – 189–264 p.

5 **Lakoff, G., Johnson, M.** Philosophy in the Flesh: The Embodied Mind and Its Challenge to Western Thought [Text]. – New York : Basic Books, 1999. – 624 p.

6 Qazaq adebi tilinin sozdigi : 15 tomdyq / bas red. A. Ysraqov, N. Uali [Dictionary of the Kazakh literary language : in 15 volumes] [Text]. – Almaty : Arys, 2011.

7 **Fillmore, C. J.** Frame semantics [Text]. In Linguistics in the Morning. – Seoul : Hanshin, 1982. – 137 p.

8 **Oralalieva, E. N.** Tanymdyq qazaq tili : oqu quraly [Cognitive Kazakh language : textbook] [Text]. – Almaty : Murager baspasy, 2005. – 198 p.

9 **Osmanova, A.** Sinonimdes etistikterdin semantika-stilistikalyq qyzmeti [Semantic and stylistic functions of synonymous verbs] [Text]. – Almaty : Gylm, 1991. – 189–198 p.

10 **Saussure, F. de.** Kurs obshchei lingvistiki [Course in General Linguistics] [Text]. – Moscow : Sotsekgiz, 1949.

11 **Bolganbaev, A.** Qazaq tilinin sinonimder sozdigi [Dictionary of Kazakh synonyms] [Text]. – Almaty : Mektep, 1975. – 304 p.

12 **Zhang, D.** Functional-Typological Study of the Modality System in Altaic Languages [Text]. – Beijing : Minzu University of China Press, 2013. – 342 p.

13 **Chang, L.** Alternation across semantic fields: A study on Mandarin verbs of emotion [Text] // In Computational Linguistics and Chinese Language Processing. – Vol. 5(1). – 61–80 p.

17.03.26 ж. баспаға түсті.

30.04.26 ж. түзетулерімен түсті.

10.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

**Б. Мәди*

Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 17.03.26.

Поступило с исправлениями 30.04.26.

Принято в печать 10.08.26.

ФРЕЙМОВО-СЕМАНТИЧЕСКАЯ МОДЕЛЬ ЭМОЦИОНАЛЬНЫХ ГЛАГОЛОВ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

В последние годы интенсивное развитие семантических исследований привело к смещению анализа значения глаголов от традиционных формально-структурных подходов к когнитивным и психолингвистическим интерпретациям. Несмотря на то, что в казахском языкознании выполнено значительное количество исследований, направленных на выделение семантико-смысловых групп глаголов, большинство из них ограничивается описательным анализом, основанным на статических словарных данных. Подобные исследования не в полной мере раскрывают механизмы формирования глагольного значения через языковой опыт, эмоциональное восприятие, телесные ощущения и культурный контекст.

В данной статье объектом исследования являются эмоциональные глаголы казахского языка, а целью – комплексный анализ их семантической системы с опорой на теоретические положения фреймовой семантики и психолингвистики. В ходе исследования на материале «Словаря казахского литературного языка» были отобраны глаголы с эмоциональной семантикой и систематизированы по уровням домена, общего фрейма, базового фрейма и микрофрейма. Значение каждого глагола рассматривается в связи с этапами формирования эмоции, включая её возникновение, восприятие и языковую концептуализацию.

Полученные результаты позволяют глубже раскрыть динамический характер эмоциональных глаголов в казахском языке и их когнитивно-психологические основания. Выводы исследования имеют теоретическое и прикладное значение для преподавания казахского языка, лексикографии, корпусной лингвистики и области обработки естественного языка, создавая основу для дальнейших научных и практических разработок.

Ключевые слова: эмоциональные глаголы, фреймовая семантика, телесная философия, валентная структура, синтаксико-семантические особенности.

**B. Madi*

Al-Farabi Kazakh National University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 17.03.26.

Received in revised form 30.04.26.

Accepted for publication 10.08.26.

A FRAME-SEMANTIC MODEL OF EMOTIONAL VERBS IN THE KAZAKH LANGUAGE

In recent years, the rapid development of semantic studies has shifted the analysis of verb meaning from traditional formal approaches toward cognitive and psycholinguistic perspectives. Although numerous studies on Kazakh verbs have identified semantic and lexical groups, most of them remain limited to descriptive analyses based on static dictionary data. Such approaches do not fully reveal the mechanisms through which verb meanings are formed via linguistic experience, emotional perception, bodily sensations, and cultural context.

This article focuses on emotional verbs in the Kazakh language and aims to provide a comprehensive analysis of their semantic system based on the theoretical frameworks of frame semantics and psycholinguistics. Drawing on data from the Dictionary of the Kazakh Literary Language, emotional verbs were systematically selected and analyzed. Their semantic structure was organized across multiple levels, including domain, general frame, basic frame, and microframe. Each verb is examined in relation to different stages of emotion construction, encompassing the emergence, perception, and linguistic conceptualization of emotional experience.

The findings of the study contribute to a deeper understanding of the dynamic nature of emotional verbs in Kazakh and highlight their cognitive

and psychological foundations. The results offer valuable theoretical and practical implications for Kazakh language teaching, lexicography, corpus linguistics, and natural language processing, providing a basis for further research and applied developments in these fields.

Keywords: emotional verbs, frame semantics, embodied philosophy, valency structure, syntactic-semantic features.

Теруге 10.08.2026 ж. жіберілді. Басуға 21.09.2026 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,64 МБ RAM

Шартты баспа табағы 44,4.

Компьютерде беттеген: З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4593

Сдано в набор 10.08.2026 г. Подписано в печать 21.09.2026 г.

Электронное издание

5,64 МБ RAM

Усл. печ. л. 44,4.

Компьютерная верстка: З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4593

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz